

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы N 942 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 желтоқсан N 1639. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекешелендіру объектілерін сатудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы N 942 P000942\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 27, 317-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сатудың е р е ж е с і н д е :

кіріспе "жекешелендіру" деген сөздің алдынан "аукциондар мен тендерлерде" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы акциялар мен үлестер" деген сөздер "акционерлік қоғамдардың акциялары мен шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталдарындағы үлестер" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) "Ағымдағы баға" - аукционда сауда-саттық барысында қалыптасатын жекешелендіру объектісінің бағасы;"

19) тармақшадағы "ұсынған сауда-сатыққа Қатысушы" деген сөздер "ұсынған тендерге Қатысушы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "мемлекеттік мүлікке иелік етуге, пайдалануға және билік етуге" деген сөздер "осындай шешім қабылдауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші абзацындағы "ол сатылғанға" деген сөздер "сатып алушыға меншік құқығы көшкенге" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші абзацтағы "ерекше" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) жекешелендіру әрбір объектісі бойынша сауда-саттықтардың түрін айқындау;"

10-тармақта:

1) тармақшадағы "заңды тұлғалар" деген сөздер "шаруашылық серіктестіктер" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың бірінші абзацындағы "7" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;

13-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссия Сатушының тапсырмасы бойынша мынадай функцияларды жүзеге асырады:"

24-тармақтағы "сауда-саттықтардың өтуіне бір күн" деген сөздер "тендердің өтуіне бір күн және аукционның өтуіне бір сағат" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтініне қатысы жоқ;

25 - тармақта :

4) тармақшадағы "коммерциялық" деген сөздің алдынан "жабық конвертте берілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) инвестициялық тендерге қатысу үшін жекешелендіру объектісін сатып алу бағасы туралы ұсыныс көрсетілген өтінім және инвестициялық бағдарлама (бизнес-жоспар) жабық конвертте беріледі;"

сегізінші абзацтағы "Заңды тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан

Республикасының заңды тұлғалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацтағы "жарғылық капиталдағы мемлекеттің үлесі туралы және" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын орыс тіліндегі нотариалдық расталған аудармасымен ұсынады.";

27-тармақтың 1) тармақшасы "Қатысушыдан" деген сөзден кейін "аукционға" деген сөзбен толықтырылсын;

30-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ең төменгі баға белгіленген жағдайда, жекешелендіру объектісі одан төмен бағаға сатыла алмайды.";

35-тармақтың соңғы сөйлеміндегі "10" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;

42-тармақтағы "5-15" деген сандар "1-15" деген сандармен ауыстырылсын;  
56-тармақтың 1) тармақшасындағы "5" деген сан "10" деген санмен  
ауыстырылсын;

58-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Егер қамтамасыз етудің өзге тәсілі сатып алу-сату шартымен көзделмесе, сатып алушы алған жекешелендіру объектісіне Сатушының кепіл құқығы төлемдердің уақытылы өтелуін қамтамасыз етуге қызмет етеді.";

59-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*